**Ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт жасау қағидаларын және үлгі нысанын бекіту туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2013 жылғы 27 тамыздағы № 235 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылы 09 қазанда № 8793 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2015 жылғы 17 шілдедегі № 137 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 17.07.2015 № 137 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

«Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» 2013 жылғы 21 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Мына:

1) Ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт жасау қағидалары;

2) осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорымен ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттың (жеке тұлға болып табылатын салымшы үшін) үлгі нысаны;

3) осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес ерікті жинақтаушы зейнетақы қорымен ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттың (жеке тұлға болып табылатын салымшы үшін) үлгі нысаны;

4) осы қаулының 3-қосымшасына сәйкес бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорымен ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттың (үшінші тұлғаның пайдасына) үлгі нысаны;

5) осы қаулының 4-қосымшасына сәйкес ерікті жинақтаушы зейнетақы қорымен ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттың (үшінші тұлғаның пайдасына) үлгі нысаны бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының мына нормативтік құқықтық актілерінің күші жойылды деп танылсын:

1) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттарды жасау қағидаларын бекіту туралы» 2012 жылғы 24 ақпандағы № 82 қаулысы ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7569 тіркелген

, «Егемен Қазақстан» газетінде 2012 жылғы 14 маусымда № 320-321 (27395) жарияланған);

2) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне өзгерістер енгізу туралы» 2013 жылғы 26 сәуірдегі № 110 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8505 тіркелген, «Заң газеті» газетінде 2013 жылғы 6 тамызда № 115 (2316) жарияланған) бекітілген Өзгерістер енгізілетін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілері тізбесінің 31-тармағы.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Ұлттық Банк Төрағасы Г. Марченко*

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2013 жылғы 27 тамыздағы № 235 қаулысымен бекітілді

**Ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт жасау қағидалары**

Осы Ерікті зейнетақы жарналарының есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт жасау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» 2013 жылғы 21 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Заң) сәйкес әзірленді және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының (бұдан әрі- БЖЗҚ) және (немесе) ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының (бұдан әрі – ЕЖЗҚ) ерікті зейнетақы жарналарының есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт (бұдан әрі – Шарт) жасау тәртібін белгілейді.

1. Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) БЖЗҚ немесе ЕЖЗҚ орталық деректер базасы - салымшылар (алушылар), салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шоттары және салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шоттары бойынша жүргізілетін операциялар жөніндегі ақпараты бар автоматтандырылған зейнетақы есебі жүйесі;

2) БЖЗҚ немесе ЕЖЗҚ өкілі – Шартқа қол қою бойынша тиісті өкілеттіктері бар жеке тұлға;

3) Шарт жасау – БЖЗҚ және (немесе) ЕЖЗҚ қызметкерлері ерікті зейнетақы жарналарын тарту үшін жүргізетін, жинақтаушы зейнетақы жүйесінің жұмыс істеуі және зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметтің мәселелері бойынша консультациялық қызметтер көрсетуді, БЖЗҚ және (немесе) ЕЖЗҚ және (немесе) жинақтаушы зейнетақы жүйесінің басқа да субъектілерінің қызметі туралы ақпаратты, оның ішінде жарнамалық сипаттағы ақпаратты таратуды, нәтижесі бойынша Шартты тіркеу жүргізілетін, бір жағынан ЕЖЗҚ және (немесе) ЕЖЗҚ өкілі және екінші жағынан салымшы (алушы) арасындағы Шартты дайындау және қол қою бойынша іс-қимылдарды қамтитын іс-шаралар.

2. Шарт салымшы және (немесе) алушы, салымшы және алушы (Шартты үшінші тұлғаның пайдасына жасаған кезде), немесе нотариат куәландырған сенімхат негізінде жасы кәмелетке толмаған адамның БЖЗҚ-ның және (немесе) ЕЖЗҚ-ның қызметкері болып табылмайтын заңды өкілі (ата-анасы/қамқоршы) БЖЗҚ-ға немесе ЕЖЗҚ-ға жеке өтініш берген кезде жасалады.

3. БЖЗҚ-ның және (немесе) ЕЖЗҚ-ның қызметкері салымшының (алушының), алушының немесе салымшының және (немесе) алушының жеке тұлға болып табылатын сенім білдірілген адамының құжаттарын қабылдағанда:

1) салымшының (алушының) жеке басын куәландыратын құжатының түпнұсқасын, жеке сәйкестендіру нөмірінің болуын тексереді;

2) кәмелетке толмаған адамның заңды өкілінің (ата-анасының/қамқоршысының) жеке басын куәландыратын құжатындағы деректемелердің нотариатта куәландырылған сенімхатта көрсетілген деректемелерге сәйкестігін, сондай-ақ сенім білдірілген адамда Шартты жасау бойынша өкілеттіктерінің болуын тексереді;

3) салымшыға (алушыға), сенім білдірілген адамға БЖЗҚ немесе ЕЖЗҚ зейнетақы қағидаларын таныстырады.

4. БЖЗҚ немесе ЕЖЗҚ қызметкері заңды тұлға болып табылатын салымшының құжаттарын қабылдаған кезде:

1) алушының жеке басын куәландыратын құжатының түпнұсқасын, алушының жеке сәйкестендіру нөмірінің болуын;

2) заңды тұлғаның құрылтай шартының нотариат куәландырған көшірмесінің, жарғы көшірмелерінің және мемлекеттік лицензиясының (салымшының қызметі лицензияланатын жағдайда) болуын;

3) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтаманың немесе куәліктің нотариат куәландырған көшірмесінің болуын, бизнес-сәйкестендіру нөмірінің болуын;

4) заңды тұлғаның басшысын тағайындау туралы құжаттың түпнұсқасының болуын;

5) заңды тұлғаның атынан Шартқа қол қою өкілеттіктерін (бар болса) көрсете

отырып, заңды тұлға сенімхатының түпнұсқасының және заңды тұлғаның атынан Шартқа қол қоюға өкілеттігі бар адамның жеке басын куәландыратын құжаттың түпнұсқасын;

6) заңды тұлғаның құрылтайшыларының жеке басын куәландыратын құжаттарының заңды тұлға растаған көшірмелерін (акционерлік қоғамдардың құжаттарын, сондай-ақ шаруашылық серіктестігіне қатысушылардың тізілімін тіркеуші жүргізетін шаруашылық серіктестіктерінің құжаттарын қоспағанда) тексереді.

Қағидалардың осы тармағында көрсетілген құжаттардың көшірмелерін қалыптастыру үшін тиісінше тексеру жүргізу мақсатында БЖЗҚ немесе ЕЖЗҚ қызметкері тиісті құжаттардың түпнұсқаларын сұратып алады.

5. БЖЗҚ немесе ЕЖЗҚ қызметкері салымшы (алушы) ұсынған құжаттар бойынша ескертулері болмаған кезде:

1) салымшыға (алушыға) жеке зейнетақы шотын ашу үшін Шарттың барлық деректемелерін БЖЗҚ немесе ЕЖЗҚ орталық деректер базасына енгізеді, деректемелерді БЖЗҚ немесе ЕЖЗҚ орталық деректер базасына енгізгеннен кейін Шартқа нөмір беріледі;

2) басып шығарылған Шартты ұсынылған құжаттардың сәйкестігін тексеру және оған қол қою үшін салымшыға (алушыға), кәмелетке толмаған адамның заңды өкіліне (ата-анасына (қамқоршысына) ұсынады.

БЖЗҚ немесе ЕЖЗҚ қызметкері Шартты жасау бойынша құжаттарға заңды тұлға болып табылатын салымшы ұсынған заңды тұлғаның құрылтай шартының нотариат куәландырған көшірмесін және жарғысының көшірмесін қосады, сондай-ақ Шартты жасау жөніндегі құжаттарға Кағидалардың 4 және 5-тармақтарында көрсетілген құжаттардың түпнұсқалары көшірмелерін қосады.

6. БЖЗҚ немесе ЕЖЗҚ өкілі:

1) Шартқа салымшы (алушы), кәмелетке толмаған адамның заңды өкілі ( ата-анасы/қамқоршысы) өз қолымен қол қойғанына көз жеткізеді;

2) Шартқа салымшы (алушы), кәмелетке толмаған адамның заңды өкілі ( ата-анасы/қамқоршысы) қол қойғаннан кейін Шартқа қол қояды «Қордың өкілі» бағанына қол қояды және Шартқа БЖЗҚ немесе ЕЖЗҚ мөрін басып бекітеді.

7. Шарттың тараптардың қолы қойылған түпнұсқасы сканирленеді, Шарттың графикалық файлы бес жұмыс күні ішінде БЖЗҚ немесе ЕЖЗҚ орталық деректер базасында орналастырылады.

Орналастырылған Шарттың графикалық файлдарын ауыстыруға және алып тастауға жол берілмейді.

8. БЖЗҚ немесе ЕЖЗҚ өкілі құжаттардың түпнұсқалары мен Шартты салымшыға (алушыға) кәмелетке толмаған адамның заңды өкіліне (ата-анасына/ қамқоршысына) береді.

9. Шартқа екі тарап қол қойған күні Шарт жасау күні болып табылады.

10. БЖЗҚ немесе ЕЖЗҚ жасаған Шарттардың есебі жеке журналда ( Шарттарды есепке алу журналында) жүргізіледі.

Шарттарды есепке алу журналы қағаз және (немесе) электрондық тасымалдағышта жүргізіледі, Қағидаларға қосымшаға сәйкес нысан бойынша толтырылады және мынадай талаптарға сәйкес келеді:

қағаз тасымалдағыштағы журнал тігіледі және нөмірленеді, соңғының алдындағы бетіне БЖЗҚ немесе ЕЖЗҚ бөлімшесінің мөрі басылып бекітіледі. Қағаз тасымалдағыштағы журнал, пайдалануы аяқталғаннан кейін БЖЗҚ немесе ЕЖЗҚ орталық (бас) офисінің мұрағатына тапсырылады;

электрондық тасымалдағыштағы журнал, бұрын енгізілген жазбаға өзгерістер енгізу мүмкіндігін болдырмастан, зейнетақы Шарттарын жасаумен байланысты жазбаларды енгізу уақытын автоматты түрде тіркеуді қамтамасыз етеді.

Ерікті зейнетақы жарналары есебінен
зейнетақымен қамсыздандыру туралы
шартты жасау қағидаларына
қосымша

Нысан

## Ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттарды есепке алу журналы

______________________________________

**(жинақтаушы зейнетақы қорының атауы)**

| № р/с | Шартты жасаған, жеке тұлға болып табылатын салымшының ( алушының) деректемелері | | | | | Шартты үшінші тұлғаның пайдасына жаса салымшының деректемелері | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | Пайдасына шарт жасалған алушының деректе | | | |
| | Тегі, аты ( бар болса - әкесінің аты) | Туылған күні | Жеке сәйкестендіру нөмірі | Жеке басын куәландыратын құжаттың нөмірі | Жеке басын куәландыратын құжатты берген орган және берілген күні | Тегі, аты ( бар болса - әкесінің аты) | Туылған күні | Жеке сәйкестендіру нөмірі | Жеке басы куәландыра құжаттың нөмірі |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 |

Кестенің жалғасы

| Шартты үшінші тұлғаның пайдасына жасаған, жеке немесе заңды тұлға болып табылатын салымшының деректемелері | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Заңды тұлға болып табылатын салымшының деректемелері | | | | | | | |
| | | | | | | | |

| Заңды тұлғаның атауы | Заңды тұлғаның жарғысы бекітілген күні | Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтаманың немесе куәліктің нотариат куәландырған көшірмесінің нөмірі және күні | Заңды тұлғаның басшысының зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартқа қол қою құқығына сенімхаттың (бар болса) нөмірі және күні | Бизнес сәйкестендіру нөмірі | Зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттың нөмірі | Зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт жасалған күні | Шарт жаса адамдардың салымшыны алушының), салымшыны алушының, с білдірілген адамның) Т. қолы (қағ тасымалдағы журналда толтырылады |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 15 | 16 | 17 | 18 | 19 | 20 | 21 | 22 |

Салымшы (алушы) жасаған ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттарды есепке алған кезде журналдың 1, 2, 3, 4, 5, 6, 20, 21, 22-бағаналары толтырылады.

Жеке тұлға үшінші тұлғаның пайдасына жасаған ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттарды есепке алған кезде журналдың 1, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 20, 21, 22-бағаналары толтырылады

Заңды тұлға үшінші тұлғаның пайдасына жасаған ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттарды есепке алған кезде журналдың 1, 7, 8, 9, 10, 11, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22-бағаналары толтырылады.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2013 жылғы 27 тамыздағы № 235 қаулысына 1-қосымша
Нысан

**Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорымен**
**ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен**
**қамсыздандыру туралы**
**ҮЛГІ ШАРТ**
**(жеке тұлға болып табылатын салымшы үшін)**

______________ қаласы 20 __ жылғы «____»__________ № _____

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы ___________________________________________________________________,
(Жарғыға сәйкес атауы, орналасқан жері) бұдан әрі «Қор» деп аталады, _________________ (Жарғы немесе сенімхат негізінде іс-әрекет жасайтын

______________________________________________________ арқылы
(лауазымы, тегі, аты, бар болса - әкесінің аты)
бір жағынан және жеке тұлға ____________________________________

____________________________________________________________
(тегі, аты, бар болса - әкесінің аты, туған күні, тұрғылықты жері,
______ жылғы «___» ___________ _____________________________________
(кім және қашан берген), жеке басын куәландыратын құжат (сериясы,нөмірі), бұдан әрі «Салымшы (Алушы)» деп аталып, екінші жағынан осы Ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартты ( бұдан әрі - Шарт) мына төмендегілер жайында жасады:

## 1. Шарттың мәні

1. Салымшы (Алушы) Шартқа сәйкес ерікті зейнетақы жарналарын енгізеді, ал Қор оларды қабылдауға және міндеттерін Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шарттың талаптарына сәйкес орындауға міндеттенеді.

## 2. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

2. Қор:

1) ерікті зейнетақы жарналарын қабылдауға;

2) Салымшыға (Алушыға) № _________ жеке зейнетақы шотын ашуға;

3) Салымшының (Алушының) зейнетақы жинақтарын тек Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде ғана сақтауға;

4) Салымшының (Алушының) зейнетақы жинақтарын және оған жасалған төлемдердің жеке есебін жүзеге асыруға;

5) Салымшының (Алушының) зейнетақы жинақтарына инвестициялық кірісті есептеуге;

6) Салымшыға (Алушыға) жылына кемінде бір рет, сондай-ақ кез келген сұратылған күніне, ақы алмастан, оның сұратуы бойынша оның зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпаратты ұсынуға және Салымшымен ( Алушымен) келісім бойынша «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» 2013 жылғы 21 маусымдағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заң) 57-бабында көзделген талаптарды ескеріп, оның зейнетақы жинақтары туралы ақпаратқа кірудің электрондық және өзге тәсілдерін қамтамасыз етуге;

7) Шартты жасау кезінде Салымшыны (Алушыны) Қордың зейнетақы қағидаларымен таныстыруға;

8) Салымшының (Алушының) сұратуы бойынша Салымшының (Алушының) мүддесін қозғайтын барлық өзгерістер туралы, сондай-ақ Қордың зейнетақы

қағидаларына енгізілетін барлық өзгерістер мен толықтырулар туралы ақпарат беруге;

9) Салымшының (Алушының) сұратуы бойынша жинақтаушы зейнетақы жүйесінің жұмыс істеуі және зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметтің мәселелері бойынша оған ақысыз консультациялық қызметтер көрсетуге;

10) Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңның 34-бабы 9-тармағының 5) тармақшасына сәйкес зейнетақы активтері есебінен Қордың инвестициялық портфелінің құрылымы туралы ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға;

11) Салымшының (Алушының) соңғы күні есептелген инвестициялық кірісін ескеріп, зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз етуге;

12) Салымшының (Алушының) зейнетақы жинақтарын Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңда және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде көзделген тәртіпте ерікті зейнетақы қорына немесе сақтандыру ұйымына аударуға;

13) өзінің деректемелері өзгерген күннен бастап күнтізбелік он бес күн ішінде бұл туралы Салымшыға (Алушыға) мемлекеттік тілдегі және орыс тіліндегі кемінде екі мерзімді баспасөз басылымында хабарландыру жариялау арқылы хабарлауға;

14) Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңның 33-бабына сәйкес Салымшыға (Алушыға) зейнетақы төлемдерін жүргізуге;

15) Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңның 11-бабының 1, 2, 3-тармағына сәйкес зейнеткерлік жасқа толмаған Салымшы (Алушы) қайтыс болған жағдайда, оның отбасына не жерлеуді жүзеге асырған адамға республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің 50 еселенген мөлшері шегінде, бірақ жеке зейнетақы шотында бар қаражаттан аспайтын мөлшерде жерлеуге арналған біржолғы төлемді төлеуге;

16) Салымшы (Алушы) қайтыс болған жағдайда оның жеке зейнетақы шотындағы зейнетақы жинақтарының барлық сомасын Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында белгіленген тәртіпте Салымшының (Алушының) мұрагеріне (мұрагерлеріне) төлеуге;

17) Салымшының (Алушының) деректемелері Қордың міндеттемелерін орындауға ықпал ететіндей өзгерген жағдайда автоматтандырылған ақпарат жүйесіне тиісті өзгерістерді құжаттардың бұл өзгерістерін растайтын негізде енгізуге;

18) Салымшы (Алушы) Қазақстан Республикасынан тыс жерге тұрақты тұру

үшін шыққан жағдайда, Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңның 33-бабында белгіленген тәртіпте және мерзімдерде зейнетақы жинақтарын төлеу жөніндегі операцияларды жүзеге асыруға;

19) Салымшыға (Алушыға) комиссиялық сыйақының шамасын күнтізбелік жыл басталғанға дейінгі бір айдан кешіктірмей, мемлекеттік және орыс тілдеріндегі баспа басылымдарында жариялау арқылы хабарлауға міндетті.

3. Қор:

1) Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңның 53-бабында белгіленген шекті шамадан аспайтын мөлшерде комиссиялық сыйақы алуға құқылы;

2) зейнетақымен қамсыздандыру туралы мәселелер бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіпте сотта Салымшының (Алушының) мүддесін білдіруге құқылы;

3) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес Салымшының (Алушының) құқықтарына қысым жасамайтын және төмендетпейтін өзге құқықтары бар.

4. Салымшы (Алушы) Қордың міндеттемелерін орындауына ықпал ететін барлық өзгерістер туралы олар басталған күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде растама құжаттарды ұсына отырып Қорға хабарлауға міндетті.

5. Салымшы (Алушы) ерікті зейнетақы жарналарын

____________________________________________________________

(ай сайын, тоқсан сайын, жыл сайын, біржолғы немесе тараптардың келісімі бойынша)

________________________________________________ мөлшерде енгізеді.

6. Салымшы (Алушы):

1) Қордың зейнетақы қағидаларымен танысуға;

2) өзінің зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпаратты алуға;

3) Қордан жинақтаушы зейнетақы жүйесінің жұмысы және зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызмет мәселелері бойынша өтеусіз консультациялық қызметтер алуға;

4) зейнетақы жинақтарын Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңда және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде көзделген тәртіпте ерікті зейнетақы жинақтаушы қорына немесе сақтандыру ұйымына аударуға;

5) төлемдерді жүзеге асыру күнінде Шартта және Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңның 33-бабында белгіленген тәртіпте Қордан зейнетақы төлемдерін алуға;

6) өзінің зейнетақы жинақтарын Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында белгіленген тәртіпте мұраға қалдыруға;

7) Қазақстан Республикасынан тыс жерге тұрақты тұру үшін шыққан кезде

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес зейнетақы жинақтарын алуға;
8) Қордың іс әрекеті бойынша сот тәртібінде шағым жасауға құқылы.

## 3. Ерікті зейнетақы жарналарын енгізу, зейнетақы жинақтарын аудару және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру тәртібі мен талаптары

7. Ерікті зейнетақы жарналары Шарттың 5-тармағында белгіленген мерзімдерде және мөлшерде төленеді.

8. Шарт бойынша зейнетақы төлемдері Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңның 33-бабына сәйкес жүргізіледі. Тараптар зейнетақы төлемдерін алу тәртібін Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын қосымша келісім жасау арқылы дербес айқындайды.

9. Зейнетақы жинақтарын ерікті жинақтаушы зейнетақы қорына немесе сақтандыру ұйымына аудару тәртібі Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңда және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде көзделген.

## 4. Қордың Салымшының (Алушының) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы есептілікті ұсыну тәртібі

10. Салымшыға (Алушыға) Қор ұсынатын зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы жыл сайынғы міндетті есептілікте ағымдағы жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша зейнетақы жинақтарының сомасы туралы, оның ішінде:

1) накты түскен күнін көрсете отырып, Шарт жасалған күннен бастап және өткен жылы түскен зейнетақы жарналарының, өсімпұлдардың, аударымдардың сомасы;

2) өткен жылдың әрбір айындағы есептелген инвестициялық кірістің (шығынның) сомасы және ағымдағы жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша жалпы сома;

3) инвестициялық кірістен комиссиялық сыйақының және зейнетақы активтерінің шамасы;

4) ұсталған жеке табыс салығының күндері мен сомасын көрсете отырып, зейнетақы төлемдерінің және (немесе) зейнетақы жинақтары аударымдарының сомасы туралы ақпарат қамтылады.

11. Егер Салымшының (Алушының) сұратуында өзгеше көзделмесе, Салымшының (Алушының) сұратуы бойынша ол сұратқан кез келген күндегі Қор ұсынатын есептілікте Шарттың 10-тармағында аталған, сұрату күніндегі жағдай бойынша сұратуда көрсетілген кезең үшін жасалған мәліметтер қамтылады.

12. Салымшыны (Алушыны) жыл сайынғы міндетті хабардар ету Қордың меншікті қаражаты есебінен күнтізбелік жыл аяқталған соң екі ай ішінде жүргізіледі.

13. Салымшының (Алушының) өтініші бойынша жыл сайынғы міндетті хабардар ету төлем карточкасын не оның деректемелерін пайдалану арқылы, сондай-ақ байланыс құралдары (почта, электрондық почта және Қордың зейенетақы қағидаларында көзделген басқа байланыс құралдары) арқылы немесе Салымшы (Алушы) жеке өтініш жасаған кезде жүргізіледі.

## 5. Тараптардың міндеттемелерді орындамаған жағдайдағы жауапкершілігі

14. Тараптар Шарт бойынша қабылдаған міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Шартта және Қазақстан Республикасының заңнамаларында белгіленген тәртіпте жауапкершілік атқарады.

15. Қордың кінәсінен зейнетақы жинақтарын аударуды кешіктірген жағдайда, Қор Салымшының (Алушының) пайдасына аударылуға жататын зейнетақы жинақтарының сомасына әрбір кешіктірілген күнге (аударым жасау күнін қоса алғанда) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің қайта қаржыландыру мөлшерлемесінің 2,5-еселенген мөлшерінде өсімпұл төлейді.

16. Зейнетақы төлемдерін уақтылы жүзеге асырмағаны үшін Қор құқықтары бұзылған тұлғаның пайдасына төлемдер сомасына әрбір кешіктірілген күнге ( төлем жүргізу күнін қоса алғанда) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің қайта қаржыландыру мөлшерлемесінің 1,5 еселенген мөлшерінде өсімпұл төлеуге міндетті.

17. Өсімпұлды төлеу Қорды зейнетақы жинақтарын аудару (зейнетақы төлемдерін жүргізу) бойынша міндеттемелерін орындаудан босатпайды.

18. Шартта реттелмеген жауапкершілік мәселелері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес реттеледі.

## 6. Төтенше жағдайлар

19. Егер Шарт бойынша міндеттемелерді тиісінше орындау еңсерілмейтін күш салдарынан мүмкін болмаса, егер бұл жағдайлар Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауына тікелей әсер етсе, Шарттың тараптары өз міндеттемелерін ішінара немесе толық орындамау жауапкершілігінен босатылады.

Шарт бойынша міндеттемелерді орындау осы жағдайлар орын алған шамалас мерзімге тоқтатыла тұрады.

20. Мына оқиғалармен шектелмей, оларды қоса алғанда: өрт, су тасқыны,

зілзала, толқулар, ереуілдер, әскери іс-қимылдары, Шартта көрсетілген қызметтерге тыйым салатын заңдардың, қаулылардың және мемлекеттік органдардың өзге де актілерінің қабылдануы еңсерілмейтін күш жағдайлары болып табылады.

21. Қор Салымшының (Алушының) сұратуы бойынша Шартқа сәйкес қабылдаған Қордың міндеттемелерін орындауға мүмкіндік бермейтін төтенше жағдайлардың туындауын растайтын құжаттардың көшірмелерін ұсынуға тиіс.

## 7. Шартты өзгерту және бұзу тәртібі мен талаптары

22. Шарт тараптардың өзара келісімі бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында тікелей айқындалмаған және енгізілуі Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін ережелер бойынша ғана жазбаша түрде өзгертіледі және толықтырылады.

23. Шарт:

1) заңдық күшіне енген сот шешімінің негізінде;

2) зейнетақы жинақтары және Шарт бойынша зейнетақы жарналарының түсімдері болмаған жағдайда, Салымшының (Алушының) бастамасы бойынша бір жақты тәртіпте;

3) Салымшының (Алушының) жеке зейнетақы шотын ашқан күннен бастап 36 ай ішінде зейнетақы жинақтары мен зейнетақы жарналарының түсімдері болмаған жағдайда, Салымшыға (Алушыға) Шартты бұзу күніне дейін он жұмыс күні бұрын міндетті түрде хабарлау талабымен Қордың бастамасы бойынша бір жақты тәртіпте бұзылады.

## 8. Шарттың қолданылу мерзімі

24. Шарт қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

25. Тараптар осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін Шарт қолданыста болады.

## 9. Қорытынды ережелер

26. Тараптардың Шарт бойынша реттелмеген дауларын Қазақстан Республикасының соттары Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қарайды.

27. Тараптар Шарттың мәніне қатысты болатын және Шарт бойынша тараптардың қарым-қатынастарын реттейтін Қазақстан Республикасының

заңнамасын сақтауға міндеттенеді.

28. Шарт екі данада, әрқайсысының заңды күші бірдей мемлекеттік тілде және орыс тілінде жасалады. Әр тарапта бір данадан болады.

## 10. Тараптардың деректемелері мен қолдары

ҚОР

_______________________________

(Қордың атауы, бизнес сәйкестендіру нөмірі

_______________________________

банк деректемелері

_______________________________

Қордың (оның филиалының немесе осы Шартты жасау орны болып табылатын өзге бөлімшесінің) нақты орналасқан жері, телефон, факс, E-mail)

_______________________________

Қор өкілінің тегі, аты, бар болса - әкесінің аты, қолы

мөр орны

САЛЫМШЫ (АЛУШЫ)

_______________________________

тегі, аты, бар болса - әкесінің а

_______________________________

жеке сәйкестендіру нөмі

_______________________________

тұрғылықты жері, факс, E-m

_______________________________

зейнетақы ережесімен танысты

_______________________________

Салымшының (Алушының) қолы

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының
2013 жылғы 27 тамыздағы № 235
қаулысына 2-қосымша
Нысан

## Ерікті жинақтаушы зейнетақы қорымен ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы ҮЛГІ ШАРТ (жеке тұлға болып табылатын салымшы үшін)

______________ қаласы 20 __ жылғы «____»__________ №_____

Ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры _____________________________________________________________________, (Жарғыға сәйкес толық немесе қысқартылған атауы, орналасқан жері) бұдан әрі «Қор» деп аталады, ______________(Жарғы немесе сенімхат) және қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеуді, бақылауды және қадағалауды жүзеге асыратын уәкілетті орган ерікті зейнетақы жарналарын тарту құқығымен инвестициялық портфельді басқаруға «______» ________________ берген № ___ лицензиясы негізінде іс-әрекет жасайтын

_____________________________________________________________ арқылы (лауазымы, тегі, аты, бар болса - әкесінің аты) бір жағынан және _______________________________________________________

____________________________________________________________________

(тегі, аты, бар болса - әкесінің аты, туған күні, тұрғылықты жері, _____ жылғы «___» ___________ __________________________________________ (кім және қашан берген), жеке басын куәландыратын құжат (сериясы, нөмірі) және № ________________ жеке сәйкестендіру нөмірі бар жеке тұлға, бұдан әрі «Салымшы (Алушы)» деп аталып, екінші жағынан, осы Ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартты (бұдан әрі - Шарт) мына төмендегілер жайында жасады:

## 1. Шарттың мәні

1. Шартқа сәйкес Салымшы (Алушы) ерікті зейнетақы жарналарын енгізеді, ал Қор оларды қабылдауға және міндеттерін Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шарттың талаптарына сәйкес орындауға міндеттенеді.

## 2. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

2. Қор:

1) ерікті зейнетақы жарналарын қабылдауға;

2) Салымшыға (Алушыға) № _________ жеке зейнетақы шотын ашуға;

3) Салымшының (Алушының) зейнетақы жинақтарын тек уәкілетті кастодиан банкте сақтауға;

4) Салымшының (Алушының) зейнетақы жинақтарын және оған жасалған төлемдердің жеке есебін жүзеге асыруға;

5) Салымшының (Алушының) зейнетақы жинақтарына инвестициялық кірісті есептеуге;

6) Салымшыға (Алушыға) жылына кемінде бір рет, сондай-ақ кез келген сұратылған күніне, ақы алмастан, оның сұратуы бойынша оның зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпаратты ұсынуға және Салымшымен (Алушымен) келісім бойынша «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» 2013 жылғы 21 маусымдағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заң) 57-бабында көзделген талаптарды ескеріп, оның зейнетақы жинақтары туралы ақпаратқа кірудің электрондық және өзге тәсілдерін қамтамасыз етуге;

7) Шартты жасау кезінде, сондай-ақ Салымшының (Алушының) сұратуы бойынша Қордың зейнетақы активтерін сақтауды және есепке алуды жүзеге асыратын кастодиан банктің атауы және орналасқан орны туралы, сондай-ақ

Қордың акционерлері туралы мәліметтерді Шарттың 6-тармағында белгіленген көлемде ұсынуға;

8) Шартты жасау кезінде Салымшыны (Алушыны) Қордың зейнетақы қағидаларымен таныстыруға;

9) Салымшының (Алушының) сұратуы бойынша Салымшының (Алушының) мүддесін қозғайтын барлық өзгерістер туралы, кастодиан банктің ауысқаны, сондай-ақ Қордың зейнетақы қағидаларына енгізілетін барлық өзгерістер мен толықтырулар туралы ақпарат беруге;

10) Салымшының (Алушының) сұратуы бойынша жинақтаушы зейнетақы жүйесінің жұмыс істеуі және зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметтің мәселелері бойынша оған ақысыз консультациялық қызметтер көрсетуге;

11) Салымшының (Алушының) өтініші бойынша эмитенттердің атауын, қаржы құралдарының түрін, қаржы құралдарының саны мен ағымдағы құнын, осы қаржы құралдарына инвестициялар мөлшерінің Қордың зейнетақы активтерінің жалпы сомасына пайыздық арақатынасын көрсете отырып, Қордың зейнетақы активтері есебінен инвестициялық портфелінің құрылымы туралы ақпаратты, сондай-ақ Қордың зейнетақы ережелерінде белгіленген тәртіпте және мерзімдерде Салымшының (Алушының) өтінішінде көрсетілген қосымша ақпаратты беруге;

12) мына:

- уәкілетті органнан қайта ұйымдастырылуға рұқсатты алған күннен бастап күнтізбелік он бес күн ішінде мемлекеттік және орыс тілдеріндегі екі баспа басылымдарында хабарландыруды жария ету арқылы алдағы қайта ұйымдастырылу;

- уәкілетті органға ерікті түрде таратылуға өтініш берген күннен бастап не лицензияны ерікті түрде қайтаруға өтініш берген күннен бастап күнтізбелік он бес күн ішінде мемлекеттік және орыс тілдеріндегі екі баспа басылымдарында хабарландыруды жария ету арқылы лицензияны ерікті түрде қайтару және (немесе) ерікті түрде тарату;

- уәкілетті орган лицензияның қолданылуын тоқтата тұру туралы шешім қабылдаған күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде мемлекеттік және орыс тілдеріндегі екі баспа басылымдарында хабарландыруды жария ету арқылы Қор лицензиясының қолданылуын тоқтата тұру жағдайларында Салымшыны (Алушыны) хабардар етуге;

13) Салымшының (Алушының) соңғы күні есептелген инвестициялық кірісін ескеріп, зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз етуге;

14) Салымшының (Алушының) зейнетақы жинақтарын Зейнетақымен

қамсыздандыру туралы заңда және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде көзделген тәртіпте басқа ерікті жинақтаушы зейнетақы қорына, бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына немесе сақтандыру ұйымына аударуға;

15) өзінің деректемелері өзгерген күннен бастап күнтізбелік он бес күн ішінде бұл туралы Салымшыға (Алушыға) мемлекеттік тілдегі және орыс тіліндегі кемінде екі мерзімді баспасөз басылымында хабарландыру жариялау арқылы хабарлауға;

16) Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңның 33-бабына сәйкес Салымшыға (Алушыға) зейнетақы төлемдерін жүргізуге;

17) Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңның 11-бабының 1, 2, 3-тармағына сәйкес зейнеткерлік жасқа толмаған Салымшы (Алушы) қайтыс болған жағдайда, оның отбасына не жерлеуді жүзеге асырған адамға республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің 50 еселенген мөлшері шегінде, бірақ жеке зейнетақы шотында бар қаражаттан аспайтын мөлшерде жерлеуге арналған біржолғы төлемді төлеуге;

18) Салымшы (Алушы) қайтыс болған жағдайда оның жеке зейнетақы шотындағы зейнетақы жинақтарының барлық сомасын Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында белгіленген тәртіпте Салымшының (Алушының) мұрагеріне (мұрагерлеріне) төлеуге;

19) Салымшының (Алушының) деректемелері Қордың міндеттемелерін орындауға ықпал ететіндей өзгерген жағдайда автоматтандырылған ақпарат жүйесіне тиісті өзгерістерді құжаттардың бұл өзгерістерін растайтын негізде енгізуге;

20) Салымшы (Алушы) Қазақстан Республикасынан тыс жерге тұрақты тұру үшін шыққан жағдайда, Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңның 33-бабында белгіленген тәртіпте және мерзімдерде зейнетақы жинақтарын төлеу жөніндегі операцияларды жүзеге асыруға міндетті.

3. Қор:

1) Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңның 53-бабында белгіленген шекті шамадан аспайтын мөлшерде комиссиялық сыйақы алуға құқылы;

2) зейнетақымен қамсыздандыру туралы мәселелер бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіпте сотта Салымшының (Алушының) мүддесін білдіруге құқылы;

3) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес Салымшының (Алушының) құқықтарына қысым жасамайтын және төмендетпейтін өзге құқықтары бар.

Инвестициялық кірістен комиссиялық сыйақының шамасы ______% құрайды

(шартты жасау күнінде).

Зейнетақы активтерінен комиссиялық сыйақының шамасы ______% құрайды (шартты жасау күнінде).

Бір айда қалыптасқан теріс есептелген инвестициялық кіріс кезінде инвестициялық кірістен комиссиялық сыйақы алынбайды. Бір айдағы комиссиялық сыйақының сомасы Қордың және кастодиан банктің уәкілетті өкілдері қол қойған салыстырып тексеру актісінің негізінде Қордың ағымдағы шотына аударылуға жатады.

Қор комиссиялық сыйақының шамасын Салымшыға (Алушыға) күнтізбелік жыл басталғанға дейінгі бір айдан кешіктірмей кемінде екі баспасөз басылымдарында мемлекеттік және орыс тілдерінде жариялау арқылы жариялайды.

4. Салымшы (Алушы) ерікті зейнетақы жарналарын ______________________________________________________________

(ай сайын, тоқсан сайын, жыл сайын, біржолғы немесе тараптардың келісімі бойынша) ____________________________ мөлшерде енгізеді.

5. Салымшы (Алушы) Қордың міндеттемелерін орындауына ықпал ететін барлық өзгерістер туралы олар басталған күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде растама құжаттарды ұсына отырып, Қорға хабарлауға міндетті.

6. Салымшы (Алушы):

1) Шарт жасалған кезде, сондай-ақ жазбаша сұрату бойынша кез келген сұратылған күніне Қордың активтерін сақтауды және есебіне жүргізуді жүзеге асыратын кастодиан банктің атауы және нақты орналасқан жері туралы, сондай-ақ Қордың акционерлері мынадай:

жеке тұлғаға қатысты: тегі, аты, бар болса – әкесінің аты, азаматтығы, қатысу үлесі (пайызбен);

заңды тұлғаға қатысты: толық және қысқартылған атауы, орналасқан жері ( почта индексі, қаласы, көшесі, үйдің нөмірі, телефоны, факс, электрондық мекенжайы), мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы деректері, бірінші басшысы туралы ақпарат (тегі, аты, бар болса – әкесінің аты), қатысу үлесі ( пайызбен) көлеміндегі ақпаратты алуға;

2) Қордың зейнетақы қағидаларымен танысуға;

3) өзінің зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпаратты алуға;

4) Қордан жинақтаушы зейнетақы жүйесінің жұмысы және зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызмет мәселелері бойынша өтеусіз консультациялық қызметтер алуға;

5) зейнетақы жинақтарын Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңда және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде көзделген тәртіпте басқа ерікті зейнетақы жинақтаушы қорына, бірыңғай зейнетақы

жинақтаушы қорына немесе сақтандыру ұйымына аударуға;

6) төлемдерді жүзеге асыру күнінде Шартта және Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңның 33-бабында белгіленген тәртіпте Қордан зейнетақы төлемдерін алуға;

7) өзінің зейнетақы жинақтарын Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында белгіленген тәртіпте мұрағa қалдыруға;

8) Қазақстан Республикасынан тыс жерге тұрақты тұру үшін шыққан кезде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес зейнетақы жинақтарын алуға;

9) Қордың іс әрекеті бойынша сот тәртібінде шағым жасауға құқылы.

## 3. Ерікті зейнетақы жарналарын енгізу, зейнетақы жинақтарын аудару және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру тәртібі мен талаптары

7. Ерікті зейнетақы жарналары Шарттың 4-тармағында белгіленген мерзімдерде және мөлшерде төленеді.

8. Шарт бойынша зейнетақы төлемдері Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңның 33-бабына сәйкес жүргізіледі. Тараптар зейнетақы төлемдерін алу тәртібін Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын қосымша келісім жасау арқылы дербес айқындайды.

9. Зейнетақы жинақтарын ерікті жинақтаушы зейнетақы қорына немесе сақтандыру ұйымына аудару тәртібі Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңда және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде көзделген.

## 4. Қор Салымшының (Алушының) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы есептілікті ұсыну тәртібі

10. Салымшыға (Алушыға) Қор ұсынатын зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы жыл сайынғы міндетті есептілікте ағымдағы жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша зейнетақы жинақтарының сомасы туралы, оның ішінде:

1) нақты түскен күнін көрсете отырып, Шарт жасалған күннен бастап және өткен жылы түскен зейнетақы жарналарының, өсімпұлдардың, аударымдардың сомасы;

2) өткен жылдың әрбір айындағы есептелген инвестициялық кірістің (шығынның) сомасы және ағымдағы жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша жалпы сома;

3) инвестициялық кірістен түскен комиссиялық сыйақының және зейнетақы активтерінің шамасы;

4) ұсталған жеке табыс салығының күндері мен сомасын көрсете отырып,

зейнетақы төлемдерінің және (немесе) зейнетақы жинақтары аударымдарының сомасы туралы ақпарат қамтылады.

11. Егер Салымшының (Алушының) сұратуында өзгеше көзделмесе, Салымшының (Алушының) сұратуы бойынша ол сұратқан кез келген күндегі Қор ұсынатын есептілікте Шарттың 10-тармағында аталған, сұратылған күндегі жағдай бойынша сұратуда көрсетілген кезең үшін жасалған мәліметтер қамтылады.

12. Салымшыны (Алушыны) жыл сайынғы міндетті хабардар ету күнтізбелік жыл аяқталған соң екі ай ішінде Қордың меншікті қаражаты есебінен жүргізіледі.

13. Салымшының (Алушының) өтініші бойынша жыл сайынғы міндетті хабардар ету төлем карточкасын не оның деректемелерін пайдалану арқылы, сондай-ақ байланыс құралдары (почта, электрондық почта және Қордың зейнетақы қағидаларында көзделген басқа байланыс құралдары) арқылы немесе Салымшы (Алушы) жеке өтініш жасаған кезде жүргізіледі.

## 5. Тараптардың міндеттемелерді орындамаған жағдайдағы жауапкершілігі

14. Тараптар Шарт бойынша қабылдаған міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Шартта және Қазақстан Республикасының заңнамаларында белгіленген тәртіпте жауапкершілік атқарады.

15. Қордың кінәсінен зейнетақы жинақтарын аударуды кешіктірген жағдайда, Қор Салымшының (Алушының) пайдасына аударылуға жататын зейнетақы жинақтарының сомасына әрбір кешіктірілген күнге (аударым жасау күнін қоса алғанда) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің қайта қаржыландыру мөлшерлемесінің 2,5-еселенген мөлшерінде өсімпұл төлеуге міндетті.

16. Зейнетақы төлемдерін уақтылы жүзеге асырмағаны үшін Қор құқықтары бұзылған тұлғаның пайдасына төлемдер сомасына әрбір кешіктірілген күнге ( төлем жүргізу күнін қоса алғанда) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің қайта қаржыландыру мөлшерлемесінің 1,5 еселенген мөлшерінде өсімпұл төлеуге міндетті.

17. Өсімпұлды төлеу Қорды зейнетақы жинақтарын аудару (зейнетақы төлемдерін жүргізу) бойынша міндеттемелерін орындаудан босатпайды.

18. Шартта реттелмеген жауапкершілік мәселелері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес реттеледі.

## 6. Төтенше жағдайлар

19. Егер Шарт бойынша міндеттемелерді дүлей күш салдарынан тиісінше орындау мүмкін болмаса, егер бұл жағдайлар Шарт бойынша өз міндеттемелерін

орындауына тікелей әсер етсе, Шарт тараптары өз міндеттемелерін ішінара немесе толық орындамау жауапкершілігінен босатылады.

Шарт бойынша міндеттемелерді орындау осы жағдайлар орын алған шамалас мерзімге тоқтатыла тұрады.

20. Мына оқиғалармен шектелмей, оларды қоса алғанда: өрт, су тасқыны, зілзала, толқулар, ереуілдер, әскери іс-қимылдары, Шартта көрсетілген қызметтерге тыйым салатын заңдардың, қаулылардың және мемлекеттік органдардың өзге де актілерінің қабылдануы дүлей күш жағдайлары болып табылады.

21. Қор Салымшының (Алушының) сұратуы бойынша Шартқа сәйкес қабылдаған Қордың міндеттемелерін орындауға мүмкіндік бермейтін төтенше жағдайлардың туындауын растайтын құжаттардың көшірмелерін ұсынуға тиіс.

## 7. Шартты өзгерту және бұзу тәртібі мен талаптары

